

Сақтандыру рыногының кәсіби қатысушыларымен және кәсіби қызметті жүзеге асыратын сақтандыру агенттерімен құжаттарды жасау, құжаттаманы басқару және құжаттарды сақтау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 14 маусым N 224 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 30 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 1592. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 27 желтоқсандағы № 182 Қаулысымен.

Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.12.27 № 182 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Ескерту: Қаулының атауына өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 27 мамырдағы N 113 қаулысымен (қолданысқа енгізу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

"Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І

:

1. Сақтандыру рыногының кәсіби қатысушыларымен және кәсіби қызметті жүзеге асыратын сақтандыру агенттерімен құжаттарды жасау, құжаттаманы басқару және құжаттарды сақтау жөніндегі нұсқаулық бекітілсін және Нұсқаулық пен осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне е н г і з і л с і н .

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 27 мамырдағы N 113 қаулысымен .

2. Банктерді және сақтандыруды қадағалау департаменті (Мекішев А.А.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан

Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына ж і б е р с і н .

Ескерту: 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 27 мамырдағы N 113 қаулысымен (қолданысқа енгізу тәртібін 2-тармақтан қ а р а ң ы з) .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің Төрағасы Г.А.Марченкоға жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы
КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінің Архивтерді
және құжаттарды басқару жөніндегі
комитетінің Орталық сараптау-
тексеру комиссиясының
2001 жылғы 30 наурыздағы

№N 3 хаттама

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2001 жылғы 14 маусымдағы
N 224 қаулысымен
БЕКІТІЛДІ

**Сақтандыру рыногының кәсіби қатысушылары мен
кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын сақтандыру
агенттерінің құжаттарды жасау, құжаттаманы
басқару және құжаттарды сақтау жөніндегі
НҰСҚАУЛЫҚ**

Ескерту: Нұсқаулықтың атауына өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 27 мамырдағы N 113 қаулысымен (қолданысқа енгізу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) .

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық "Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы", "Сақтандыру қызметі туралы", "Бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірленді және заңды тұлғалар - сақтандыру (қайта сақтандыру ұйымдарында), сақтандыру брокерлерінде және сақтандыру агенттерінде (бұдан әрі - ұйымдар), жеке тұлғалар - актуарийлердегі және сақтандыру агенттеріндегі құжаттарды жасау, құжаттаманы басқару және құжаттарды сақтау тәртібін белгілейді.

Ескерту: 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 27 мамырдағы N 113 қаулысымен (қолданысқа енгізу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) .

2. Ұйым құжаттарды жасау, құжаттаманы басқару және құжаттарды сақтауды дұрыс жүргізуді қамтамасыз ету жөнінде заңнамада белгіленген талаптарды орындау мақсатында іс қағаздарын жүргізу жөніндегі, тиісті орталық мемлекеттік республикалық архивпен немесе архивтерді және құжаттаманы басқару жөніндегі жергілікті уәкілетті мемлекеттік органмен (бұдан әрі - архив ісін басқару және жүргізу органдары) келісу жөніндегі ішкі Нұсқаулықты б е к і т у г е м і н д е т т і .

Ұйымның қызметкерлері құжаттарды жасау, құжаттаманы басқару және құжаттарды сақтаудың ішкі ережелерімен танысқан болуы тиіс.

3. Құжаттарды жасау, құжаттаманы басқару және құжаттарды сақтауға қойылатын негізгі талаптар Қазақстан Республикасының архивтерді және құжаттарды басқару жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

4. Ұйымда (филиалда және өкілдікте) құжаттарды жасау, құжаттаманы басқару және құжаттарды сақтауға ағымдағы бақылау бойынша жұмыс оның іс қағаздарын жүргізу қызметіне не нақты лауазымды тұлғаға жүктеледі.

5. Іс қағаздарын жүргізу қызметінің басшысы немесе ұйымдағы іс қағаздарын жүргізудің жай-күйіне жауап беретін лауазымды тұлға ауысқан жағдайда іс қағаздары мен құжаттар тиісті акті бойынша жаңадан тағайындалған адамға беріледі.

6. Ұйымның (филиалдың және өкілдіктің) қызметі барысында пайда болған құжаттарды уақытша сақтау, оларды есепке алу және іс жүзіндегі мақсаттарға пайдалану үшін ұйымның (филиалдың және өкілдіктің) ведомстволық (жеке) архиві құрылады.

7. Ұйым қызметі барысында жасалған іс қағаздарын жүргізу аяқталған құжаттар мен істер осы Нұсқаулықта белгіленген мерзімдерге сәйкес ұйымның (филиалдың және өкілдіктің) ведомстволық (жеке) архивінде уақытша сақталуы тиіс. Қазақстан Республикасының архивтерді және құжаттарды басқару

жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органы белгілеген ведомстволық (жеке) уақытша сақтау мерзімі өткеннен кейін Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қорының құрамына жатқызылған құжаттар реттелген түрде тиісті мемлекеттік архивке тұрақты мемлекеттік сақтауға беріледі.

8. Ұйымдағы құжаттарды жасау және құжаттаманы басқару тәртібі Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Мұрағаттар мен құжаттаманы басқару жөніндегі комитеті Төрағасының 2003 жылғы 29 сәуірдегі N 33 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік ұйымдарында құжаттау мен құжаттаманы басқарудың Тұрпатты ережелерінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Қараныз V095834

Ескерту: 8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 30 қыркүйектегі N 356 қаулысымен .

9. Ұйымдардың (филиалдарының және өкілдіктерінің) іс қағаздарын жүргізу және архив қызметі жұмысын қамтамасыз етуге әдістемелік, консультациялық және іс жүзінде көмекті архив ісін басқаратын және жүргізетін тиісті органмен екіжақты шартқа сәйкес жүргізеді.

2-тарау. Құжаттарды жасау және құжаттаманы басқару

10. Ұйымның қызметі үшін құжаттарды жасау құжаттардың деректемелеріне және бланкілеріне заңнамада белгіленген талаптардың қатаң орындалуын, олардың дұрыс жасалуын және бірдей болуын көздейді.

Ұйымның қызметі барысында пайда болған құжаттар құрамы оның құқықтық мәртебесінің, шешілетін міндеттер мен функциялардың ерекшеліктерін ескере отырып белгіленеді.

11. Құжаттарды олардың жіктелуіне сәйкес іс қағаздарына дұрыс бөлу, құжаттарды жедел іздеуді және ұйымның (филиалдың және өкілдіктің) іс қағаздарын жүргізуді есепке алуын қамтамасыз ету үшін архивтер жөніндегі жергілікті мемлекеттік органдармен міндетті түрде келісуге жататын жеке іс қағаздары номенклатурасы (бұдан әрі - іс қағаздары номенклатурасы) жасалады.

12. Заңды тұлғалар қызметіндегі құжат айналымының жалпы мәселелері заңнамада белгіленеді.

13. Ұйым келіп түскен (кірген) және жіберілетін (шығатын) құжаттарды өңдеудің, ішкі құжаттармен жұмыс істеудің, құжаттарды тіркеудің және орындаудың тәртібін Қазақстан Республикасының архивтерді және құжаттарды басқару жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының талаптарын ескере отырып белгілейді.

14. Ұйымда электронды құжат айналымы жүйесінің жұмыс істеуі осы мәселе бойынша мынадай принциптерді көздейтін жекелеген ішкі нормативтік құжатты қабылдау қажеттігінің алғышарты болып табылады:

1) ұйымда жеткілікті деңгейде деректерді компьютермен өңдейтін бағдарламалық және техникалық құралдардың, құжаттардың электронды нысандарын және электронды почтаны басқарудың автоматтандырылған жүйесінің болуы;

2) электронды құжатты тіркеудің бір рет болуы;

3) ақпарат жүйесінде осы қолдың бірегей болуын қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдар болғанда ғана электронды сандық қолдың шынайылығын тану;

4) құжатты жүйеге енгізгеннен бастап оны іс қағаздарына орналастырғанға (сақтауға бергенге) дейін құжат айналымының үздіксіз технологиясын қамтамасыз ету.

15. Құжаттар жүргізіле бастағаннан бастап ұйымның (филиалдың және өкілдіктің) ведомстволық (жеке) архивіне берілгенге дейін оларды іс қағазында қалыптастырған орында не орталықтандырылған сақтау тәртібімен ұйымның іс қағаздарын жүргізу қызметінде сақталады.

16. Филиалдар мен өкілдіктердің (құрылымдық бөлімшелердің) басшылары және ұйымның құжаттама жасауға жауапты қызметкерлері құжаттардың және іс қағаздарының сақталуын қамтамасыз етеді. Іс қағаздары жұмыс кабинеттерінде немесе осы мақсатқа арналған арнайы үй-жайларда болады, құжаттардың толық сақталуын қамтамасыз ететін шкафтар мен үстелдерде, элеваторлық картотекаларда орналастырылады.

Электронды құжаттар олардың физикалық сақталуын, электрондық ақпараттың сәйкестігін қамтамасыз ететін серверлерде сақталуы мүмкін.

17. Құжаттарды іздеудің жеделдігін арттыру мақсатында іс қағаздары бекітілген іс қағаздары номенклатурасына сәйкес орналастырылуы тиіс, ол тиісті құрылымдық бөлімшедегі көрнекі жерге орналастырылады. Іс қағаздары мұқабаларының түбіне іс қағаздары номенклатурасы бойынша істің номері көрсетіледі. Іс қағаздарын жұмыс үстелдерінде сақтауға тыйым салынады.

18. Іс қағаздары басқа ұйымдарға уақытша пайдалануға ұйымның (филиалдың және өкілдіктің) басшысының рұқсатымен ғана беріледі. Берілген іс қағазына іс қағазын ауыстырушы карта ашылады. Іс қағаздарын жүргізу аяқталмаған іс қағазын басқа ұйымдарға беруге тыйым салынады.

19. Тұрақты сақталатын іс қағаздарынан құжаттарды алуға (оның ішінде арнайы мемлекеттік органдардың нұсқауымен) ерекше жағдайларда рұқсат

етіледі және ол іс қағазында құжаттың расталған көшірмесін және түпнұсқаны алғаны туралы актіні міндетті түрде қалдыра отырып ұйым басшысының рұқсатымен жүзеге асырылады.

20. Құжаттарды дербес компьютерде сақтау бір құжатқа - бір файл принципі бойынша файлдар түрінде жүзеге асырылады.

21. Қағазға шығарылған іс қағаздары үшін қабылданған барлық сақтау мерзімі электрондық архивтерге қолданылады. Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қорының құрамына жатқызылған электронды құжаттар, жеке құрам бойынша электронды құжаттар, іс қағаздары номенклатурасына қойылған "ЭПК" белгісі бар электронды құжаттар қағаздағы негізбен де сақталады (электронды нұсқалар архив ісін басқару және жүргізудің тиісті органына мемлекеттік сақтауға түскен кезде құжаттардың қағаздағы негізінің сақтандыру көшірмелері ретінде қаралады). Қағазға шығарылған құжаттарда қажетті қолдар мен мөрлер болуы тиіс.

22. Құжаттарды ұйымның (филиалдар мен өкілдіктердің) құрылымдық бөлімшелерінде жедел сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар осы Нұсқаулықтың талаптарын ескере отырып белгіленеді.

3-тарау. Іс қағаздарының номенклатурасы және ұйымдағы іс қағаздарын қалыптастыруға қойылатын негізгі талаптар

23. Іс қағаздарының номенклатурасы - ұйымның (филиал және өкілдіктің) орындайтын міндеттері мен функцияларына сәйкес белгілі бір күнтізбелік жылда іс қағаздарында жүргізу белгіленген нақты іс қағаздары атауларының жүйеге келтірілген тізбесі.

24. Іс қағаздарының номенклатурасын жасау кезінде мыналар пайдаланылады :

- 1) бұрын бекітілген іс қағаздары номенклатуралары;
- 2) құжаттардың сақтау мерзімдері көрсетілген бекітілген үлгі тізбелері;
- 3) Қазақстан Республикасының архивтерді және құжаттарды басқару жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органы әзірлеген нормативтік құқықтық актілер мен әдістемелік құжаттар.

25. Іс қағаздары номенклатурасына баспа басылымдарының атаулары е н г і з і л м е й д і .

26. Іс қағаздарының атауы мынадай кезектілікпен орналасқан элементтерден т ұ р а д ы :

- 1) іс қағаздары түрлерінің (оның ішінде жазысқан хаттар, журналдар) немесе құжаттардың әр түрлілігі (оның ішінде бұйрықтар, хаттамалар);
- 2) ұйымның немесе тиісті құрылымдық бөлімшенің атауы (құжат авторы);

- 3) құжаттар жіберілетін немесе алынатын ұйымның аты;
- 4) іс қағаздары құжаттарының қысқаша мазмұны;
- 5) іс қағаздары құжаттары жасалатын күн (кезең);
- 6) іс қағаздары құжаттарының көшірмесі бар екендігін көрсету.

27. Іс қағаздарының атауы іс қағаздары құжаттарының негізгі мазмұны мен құрамын көрсетуі тиіс.

Іс қағаздарын қалыптастыру және ресімдеу барысында атауын нақтылай түсуге болады.

28. Хат жазысуға байланысты іс қағаздарының атауында хат жазысудың кіммен және қандай мәселе бойынша жүргізілетіні көрсетіледі.

29. Жоспар немесе есеп құжаттамасы бар іс қағаздарының атауында жоспар (есеп) қандай кезеңге жасалғаны көрсетіледі.

30. Ұйымның іс қағаздары номенклатурасы мынадай бөлімдерден тұрады:

- 1) ұйымның жоғары органы - акционерлердің жалпы жиналысы;
- 2) алқалық органдар (атқарушы органды қоспағанда) - директорлар кеңесі және тексеру комиссиясы;
- 3) атқарушы орган - басқарма (бекітілген штаттық кестеге сәйкес оның құрылымдық бөлімшелері).

Ұйымның филиалдары мен өкілдіктерінің іс қағаздары номенклатурасы филиалдың және өкілдіктің бекітілген штаттық кестесіне сәйкес әзірленеді.

31. Атқарушы органның әрбір құрылымдық бөлімшесіндегі, ұйымның филиалындағы және өкілдігіндегі іс қағаздары номенклатурасындағы іс қағаздарының атауында мыналар міндетті түрде болуы тиіс:

- 1) сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілері;
- 2) түрлі мемлекеттік органдардың нұсқамалары (тапсырмалар) және оларды орындау бойынша құжаттар;
- 3) ұйымның құрылтай құжаттары мен басқа да тіркеу құжаттары (жарғылар, ұйымның құрылымдық бөлімшелері туралы ережелер, тіркеу нысандары), ұйымның жұмыс регламенті (болған жағдайда);
- 4) ұйымның басқару құжаттары (оның ішінде қаулылар, бұйрықтар, өкімдер);
- 5) нұсқаулықтар (өндірістік, үлгі, лауазымдық);
- 6) жоспар құжаттамасы (болашақ, орта мерзімді, жылдық, тоқсандық, айлық, жоспарлар, шығыс сметалары, штаттық кестелер);
- 7) есеп беру құжаттамасы (жиынтық, жылдық және үлкен кезеңге арналған, тоқсандық, айлық, жедел);
- 8) негізгі қызмет бойынша құжаттар;
- 9) хат жазысу;

10) есепке алу-тіркеу құжаттары (оның ішінде журналдар, кітаптар, картотекалар, карточкалар);

11) іс қағаздары номенклатурасы (ұйымның, атқарушы органның құрылымдық бөлімшесінің, филиалдың немесе өкілдіктің).

32. Ұйым жұмысы барысында жасалған құжаттардың көшірмелері үшін (оның ішінде бұйрықтар, өкімдер, нұсқаулықтар, хаттамалар) "Қажет болғанға дейін" сақтау мерзімі белгісі қойылады.

33. "ЭПК" белгісі осы іс қағаздарында Ұлттық архив қорының құрамына жатқызылатын құжат жасалуы ықтимал екендігін білдіреді және құндылықтарға сараптама жүргізілген кезде оны тұрақты сақталатын іс қағаздарының тізімдемесіне енгізу үшін парақтап қарау қажет.

34. Белгіленген тәртіппен ресімделіп, бекітілген, келісілген және мақұлданған іс қағаздары номенклатурасында мыналар болуы тиіс:

1) ұйымның ресми атауы және ведомстволық бағыныштылығы, іс қағаздарының атауы, күні және жасалған орны көрсетілген бірінші беті;

2) олардың іс қағаздарының номенклатурасы бойынша индекстер номері көрсетілген ұйымның тиісті құрылымдық бөлімшелері атауларының тізбесі;

3) қысқарған сөздер тізімін талдамасымен қоса (қатаң алфавиттік тәртіппен);

4) іс қағаздарының негізгі сипаттама бөлігі;

5) іс қағаздарының номенклатурасына қорытынды жазба.

35. Іс қағаздарын қалыптастыру деп орындалған құжаттарды іс қағаздары номенклатурасына сәйкес іс қағаздарына топтауды айтады.

Іс қағаздарына мазмұны бойынша іс қағаздарының атауына сай келетін құжаттар орналастырылады. Сонымен қатар іс қағаздарына құжаттардың жоба жазбалары мен көшірме даналарын, сондай-ақ қайтарылатын құжаттарды топтастыруға тыйым салынады.

36. Іс қағаздарының номенклатурасы алдағы жылдың соңғы тоқсанында жасалады және архив істерін басқаратын және жүргізетін тиісті органдармен белгіленген тәртіппен келісілгеннен (бекітілгеннен) кейін 1 қаңтардан бастап күшіне енгізіледі. Іс қағаздары номенклатурасының қолданылуы бес жыл мерзім деп белгіленеді, ол бұл мерзім ішінде жыл сайын қайта басылады және құжаттар құрамындағы өзгерістерді ескере отырып бекітіледі. Ұйымның (филиалдың және өкілдіктің) құрылымында өзгерістер болған жағдайда іс қағаздарының номенклатурасы қайта жасалады және ол белгіленген тәртіппен бекітіліп, келісілуі тиіс.

37. Іс қағаздарын қалыптастырған кезде мынадай негізгі талаптар сақталуы тиіс:

1) тұрақты және уақытша сақталатын құжаттарды жеке іс қағаздарына топтастыру қажет;

- 2) іс қағаздарына әрбір құжатты бір данадан енгізу;
- 3) іс қағаздарына орналастырылған әрбір құжат архивтерді және құжаттарды басқару жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның талаптарына сәйкес ресімделуі және қажетті деректемелері болуы тиіс;
- 4) іс қағаздарына бір күнтізбелік жылдағы құжаттарды топтастыру (жеке істер мен ауыспалы іс қағаздарынан басқасы);
- 5) іс қағаздарының парақ саны 250-ден, қалыңдығы 4 сантиметрден аспауы тиіс ;
- б) құжаттарды іс қағазына мәселені көрсету кезектілігіне сәйкес орналастырады (шешілетін мәселелер бойынша хронологиялық тәртіппен) немесе іс қағаздарының басында бастама құжатты, содан кейін жауаптар және мәселенің шешімін хабарлайтын басқа да құжаттар орналастырылады.

38. Басқару құжаттары іс қағаздарына түрлері және хронологиясы бойынша соларға қатысты қосымшалармен бірге топтастырылады.

39. Басқару құжаттарымен бекітілген ережелер және нұсқаулықтар олардың қосымшалары болып табылады және аталған құжаттармен бірге топтастырылады

Егер олар дербес құжат ретінде бекітілсе, оларды жеке іс қағаздарына топтастырады.

40. Негізгі қызмет бойынша бұйрықтарды жеке құрам бойынша бұйрықтардан бөлек топтастырады.

41. Бекітілген жоспарлар, есептер, лимиттер, сметалар және басқа құжаттар олардың жобаларынан бөлек қалыптасады.

42. Жеке іс қағаздарындағы құжаттар олардың келіп түсуіне қарай хронологиялық тәртіппен орналастырылады.

43. Азаматтардың өтініштері мен ұйымдастыру жұмысы, сыбайлас жемқорлық фактілері және мемлекет белгілеген басқа маңызды мәселелер бойынша орындау жөніндегі құжаттар азаматтардың жеке және ұйым қызметіне тікелей қатысты емес мәселелер бойынша өтініштерінен бөлек топтастырылады.

44. Хат жазысу әдеттегідей күнтізбелік жыл кезеңіне топтастырылады және хронологиялық кезектілігімен жүйеленеді.

45. Электронды тасымалдаушылардағы құжаттар іс қағаздарына іс қағаздары номенклатурасына сәйкес топтастырылады.

46. Іс қағазының мұқабасында мынадай деректемелер болуы тиіс:

- 1) ұйымның (филиалдың және өкілдіктің) ресми атауы;
- 2) елді мекеннің атауы;
- 3) істің атауы (аты), оның іс қағаздарының номенклатурасы бойынша индексі ;
- 4) іс қағаздарының сақталу мерзімі;

5) іс қағаздарындағы парақ саны (іс қағаздарын жүргізу аяқталғаннан кейін толтырылады).

47. Қажетті жағдайларда (құпия ақпараты бар іс қағаздарында, жеке іс қағаздарында, жобалау-смета құжаттамасында) іс қағаздарына құжаттардың ішкі тізімдемесі салынады.

48. Іс қағаздарын ұйымның (филиалдың және өкілдіктің) ведомстволық (жеке)) архивіне немесе мемлекеттік сақтауға беруге әзірлеу кезінде құжаттардың құндылығына сараптама жасалады.

Құжаттарды сақтау мерзімін белгілеу және оларды Қазақстан Республикасының архивтерді және құжаттарды басқару жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органы белгілеген принциптер мен өлшемдер негізінде ведомстволық (жеке) немесе мемлекеттік сақтауға іріктеу процесі құжаттардың құндылығын сараптау деп аталады.

49. Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қорының құрамына жатқызылған және жеке құрам бойынша тұрақты сақталатын іс қағаздарының құндылығын сараптау барысында толық ресімдеуге жатады, олар мынаны көздейді :

- 1) іс қағаздарын тігу немесе түптеу;
- 2) іс қағаздарының парақтарын номерлеу;
- 3) іс қағаздарын растау парағын жасау;
- 4) қажет болған жағдайларда құжаттардың ішкі тізімдемесін жасау;
- 5) іс қағаздары мұқабасының деректемелерін ресімдеу.

50. Құжаттардың құндылығына сараптаманы ұйымның (филиалдардың және өкілдіктердің) құрылымдық бөлімшелерінің арнайы белгіленген қызметкерлері және ұйымның (филиалдардың және өкілдіктердің) атқарушы органы құрған тұрақты жұмыс істейтін сараптау комиссиясы қажет болған жағдайларда оның құрамына архив іс қағаздарын басқаратын және жүргізетін тиісті органдардың қызметкерлерін енгізе отырып жүзеге асырады. Ұйымның (филиалдың және өкілдіктің) сараптау комиссиясы туралы ереже міндетті түрде архив іс қағаздарын басқаратын және жүргізетін тиісті органмен келісілуі тиіс.

Сараптау комиссиясының мәжілісінде хаттама жүргізіледі. Хаттамаға комиссия төрағасы мен хатшысы қол қояды және ұйымның (филиалдардың және өкілдіктердің) атқарушы органының басшысы бекітеді.

Ұйымның сараптау комиссиясының міндетті түрде қарауына жатқызылатын мәселелер :

- 1) нақты, бірыңғай және үлгі іс қағаздары номенклатурасының жобаларын мақұлдау туралы ;
- 2) тұрақты сақталатын және жеке құрам бойынша іс қағаздарының тізімдемесін мақұлдау туралы ;

3) сақтау мерзімі аяқталған құжаттарды жою үшін бөліп шығару туралы актілерді мақұлдау туралы;

4) ұйымдағы (филиалдар мен өкілдіктерде) іс қағаздарын жүргізу мен архивтік сақтаудың жай-күйі туралы;

5) осы Нұсқаулыққа қоса беріліп отырған "Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының қызметі барысында жасалған құжаттар тізбесінде (сақтау мерзімін көрсете отырып)" (бұдан әрі - Тізбе) құжаттардың жекелеген санаттарын бекіту мерзімдерін өзгерту (белгілеу) жөніндегі ұсыныстарға белгіленген тәртіппен бастама жасау туралы;

6) іс қағаздарын ұйымдардың (филиалдардың және өкілдіктердің) ведомстволық (жеке) архивіне немесе мемлекеттік сақтауға беру кестесін мақұлдау туралы.

51. Құжаттардың құндылығын сараптау нәтижелері мынадай түрде ресімделеді:

1) ұйымның атқарушы органының басшысы (филиалдың және өкілдіктің басшысы) мен архив іс қағаздарын басқаратын және жүргізетін тиісті орган бекіткен тұрақты сақталатын іс қағаздарының тізімдемесі;

2) ұйымның атқарушы органының басшысы (филиалдың және өкілдіктің басшысы) бекіткен және архив іс қағаздарын басқаратын және жүргізетін тиісті органмен келісілген жеке құрам бойынша іс қағаздарының тізімдемесі;

3) ұйымның атқарушы органының басшысы (филиалдың және өкілдіктің басшысы) бекіткен және архив іс қағаздарын басқаратын және жүргізетін тиісті органмен келісілген сақталмайтын құжаттарды жою үшін бөлек шығару туралы акті ;

4) ұйымның атқарушы органының (филиалдың және өкілдіктің) басшысы бекітетін және архив іс қағаздарын басқаратын және жүргізетін тиісті органға берілетін Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қорының құрамына жатқызылған құжаттардың толық еместігі туралы анықтамалар.

52. Іс қағаздарын жүргізу бөлімшесі растаған тұрақты сақталатын және жеке құрам бойынша іс қағаздары тізімдемесінің соңында жеке парақта номерленген парақ санын санмен және жазумен көрсете отырып растау жазбалары, қолдар және қолдардың талдамасы қоса тігіледі.

53. Қосымша деректемелер (қордың, тізімдеменің, іс қағаздарының номері) құндылықтарды сараптау аяқталғаннан кейін қойылады.

54. Ұйымның атқарушы органының құрылымдық бөлімшелерінен іс қағаздарын ұйымның (филиал мен өкілдіктің) ведомстволық (жеке) архивіне екі жылдан кейін үшінші жылда береді.

4-тарау. Ұйымның ведомстволық (жеке) архивінде құжаттарды уақытша сақтау

55. Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қорының құрамына жатқызылған құжаттарды және олардың сақтандыру көшірмелерін ұйымның (филиалдың және өкілдіктің) ведомстволық (жеке) архивінде уақытша сақтау тәртібін Қазақстан Республикасының архивтерді және құжаттарды басқару жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органы белгілейді.

56. Ұйымның (филиал мен өкілдіктің) ведомстволық (жеке) архиві қағазға шығарылған, электронды негіздегі және пленкалы тасымалдаушылардағы Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қорының құрамына жатқызылған құжаттарды архив іс қағаздарын басқаратын және жүргізетін тиісті орган сақтайды.

57. Сыртқы және ішкі магниттік тасымалдаушылардағы (оның ішінде дискеттердегі, магниттік таспалардағы) электронды құжаттар есепке алу және сақтау үшін берілетін магниттік тасымалдаушылардың шынайы болуына және сапасына жауап беретін адамдар туралы мәліметтерді көрсете отырып, ораулы және мөр басылған күйінде сақталуы тиіс.

58. Ұйымның (филиал мен өкілдіктің) ведомстволық (жеке) архивінде құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында мынадай қажетті жұмыстар к е ш е н і жү р г і з і л е д і :

- 1) құжаттардың есебін жүргізу;
- 2) құжаттарды сақтауға оңтайлы жағдай жасау;
- 3) ұйымның (филиал мен өкілдіктің) ведомстволық (жеке) архивінен іс қағаздарын берудің тәртібін сақтау;
- 4) іс қағаздарының болуын және жай-күйін тексеру;
- 5) құжаттардың физикалық-химиялық сақталуын қамтамасыз ету.

59. Ұйымның (филиал мен өкілдіктің) ведомстволық (жеке) архивінде сақталатын, оның ішінде ерекше құнды құжаттардың тізімдеме жасалмаған сақтандыру көшірмелері де, іс қағаздарының тізімдемелері, басқа ұйымдардың қызметі барысында жасалған құжаттар да есепке алынуы тиіс.

Ұйымдардың (филиалдардың және өкілдіктердің) ведомстволық (жеке) архивінде сақталатын негізгі есепке алынатын құжаттар:

- 1) келіп түскен және жіберілген құжаттарды есепке алу кітабы - сақталатын құжаттарды тұрақты есепке алу үшін;
- 2) сақтандыру қорының келіп түскен және жіберілген құжаттарды есепке алу кітабы - ерекше құнды құжаттарды тұрақты есепке алу үшін;
- 3) іс қағаздарының тізімдемесі - іс қағаздарын жеке-жеке және жиынтық есепке алу үшін.

60. Сақтандыру ұйымының атқарушы органының басшылығы құжаттардың сақталуына оңтайлы жағдай жасау мақсатында:

1) сақталатын іс қағаздарының көлеміне және құрамына сәйкес ұйымдық (филиалдардың және өкілдіктің) ведомстволық (жеке) архивіне арнап бөлек үй (немесе үйдің бір бөлігін) не құжаттарды сақтау үшін арнайы жабдықталған (бейімделген) орын (бұдан әрі - қойма) беруді;

2) қоймада өрт қауіпсіздігі шараларын сақтауды;

3) үй-жайда және қоймада күзет дабылының орнатылуын;

4) құжаттарды сақтауға қолайлы температуралық-ылғалдылық және жарық р е ж и м і н і ң б о л у ы н ;

5) көгеруден, жәндіктердің, кеміргіштердің пайда болуынан және шаң-тозаң жиналуынан сақтаудың алдын ала іс-шараларын тұрақты түрде жүргізуді;

б) өрттен қорғайтын құраммен өңделген металл немесе ағаш сөрелер орнатуды қамтамасыз етеді.

61. Қоймадан іс қағаздарын, ұйымдардың (филиалдардың және өкілдіктердің) ведомстволық (жеке) оқу залына немесе оның құрылымдық бөлімшелеріне не басқа ұйымдарға беруді қоса алғанда, құжаттарды микрофильмдеу мен қайта жаңғырту жөнінде жұмыстар жүргізу үшін уақытша пайдалануға беру тәртібі осы Нұсқаулықтың талаптарын ескере отырып ұйымның атқарушы органының басшысы бекітетін ұйымның ішкі құжаттарында белгіленеді. Іс қағаздарын уақытша пайдалану үшін сақтандыру ұйымының атқарушы органының құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлеріне - 10 күннен аспайтын, басқа заңды тұлғаларға - 3 ай мерзімге пайдалануға беріледі. Белгіленген мерзім аяқталғанда қажет болған жағдайда берілген іс қағаздарының құжаттарын қайта ресімдейді. Іс қағаздарын беру есепке алу құжаттарында тіркеледі.

62. Тиісті тізімдемеге енгізілген іс қағаздарының нақты болуын белгілеу, консервациялық алдын ала өңдеуді және қайта жаңғыртуды қажет ететін іс қағаздарын анықтау мақсатында сақтандыру ұйымының атқарушы органы (филиалдары мен өкілдіктері) құжаттар мен іс қағаздарының болуын және олардың жай-күйін тексереді. Тұрақты сақталатын іс қағаздарының тізімдемесіне енгізілген Ұлттық архив қорының құжаттарын тексеру кемінде 5 жылда бір рет, жеке құрам бойынша іс қағаздары мен уақытша сақталатын құжаттар (10 жылдан артық) - кемінде 10 жылда бір рет жүргізіледі.

Іс қағаздарының болуы мен жай-күйіне бір мезгілде кезектен тыс тексеру:

1) іс қағаздарын басқа үй-жайға (қоймаға) орналастырғаннан кейін;

2) іс қағаздарының орын ауыстыруға (көшіруге) мәжбүр еткен төтенше жағдайлардан кейін немесе қоймаға бөгде адамның (адамдардың) кіру фактісіне б а й л а н ы с т ы ;

3) ұйымның (филиалдың және өкілдіктің) ведомстволық (жеке) архивінің

басшысы немесе құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуге жауап беретін адам
а у ы с қ а н ж а ғ д а й д а ;

4) ұйым қайта құрылған (таратылған), оның филиалдары мен өкілдіктері
құрылған немесе жойылған кезде жүргізіледі.

Ұлттық архив қоры құжаттарынан физикалық ақаулар табылған жағдайда
құжаттың негізі немесе оның мәтіні (құжаттың бір бөлігі жоғалғанда, бөлініп
қалғанда) мынадай арнайы өңдеуден өткізіледі: қалпына келтіру,
залалсыздандыру, микрофильмдеу, фото қалпына келтіру немесе көшірмелеу.
Көгеріп, жәндіктер зақымдаған құжаттар құндылығына қарамастан дереу өңдеуге
(дезинфекциялауға, дезинсекцияға) берілуі тиіс.

5-тарау. Тізбені қолдану бойынша нұсқаулар

63. Тізбе (осы Нұсқаулықтың 1, 2, 3 және 4 қосымшаларымен сәйкес)
Қазақстан Республикасының архивтерді және құжаттарды басқару жөніндегі
уәкілетті мемлекеттік органының нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарына
с ә й к е с ж а с а л ғ а н .

**Ескерту: 63-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы
ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 27
мамырдағы N 113 қаулысымен (қолданысқа енгізу тәртібін 2-тармақтан
қараңыз) .**

64. Тізбе ұйымның, оның филиалдары мен өкілдіктерінің, сондай-ақ
актуарийді және сақтандыру агентінің қызметі барысында жасалған барлық
құжаттар жиынтығын, оның ішінде құпия ақпараты бар құжаттарды сақтау
мерзімін белгілейтін негізгі құжат болып табылады.

Тізбе іс қағаздары номенклатурасын жасау және құжаттар мен іс қағаздары
құндылықтарына сараптама жүргізу кезінде негізгі құрал болып есептеледі.

**Ескерту: 64-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы
ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 27
мамырдағы N 113 қаулысымен (қолданысқа енгізу тәртібін 2-тармақтан
қараңыз) .**

65. Тізбеде іс қағаздарының нақты атаулары берілмейді, құжаттардың
санаттары мен түрлері келтіріледі. Ұйым іс қағаздары номенклатурасын дербес
жасайды. Іс қағаздарының атауын жасау үшін Тізбеден тиісті құжаттардың атауы
және мәселенің қойылуы алынады, олар басқа да қажетті элементтермен
толықтырылады: авторы, корреспонденті, күні, сақтау мерзімі және бап номері
к ө р с е т і л е д і .

Ұйым, актуарий және сақтандыру агенті іс қағаздары номенклатурасын
д е р б е с ж а с а й д ы .

Ескерту: 65-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 27 мамырдағы N 113 қаулысымен (қолданысқа енгізу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) .

6 6 - 6 7 . < * >

Ескерту: 66-67-тармақтар алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 27 мамырдағы N 113 қаулысымен (қолданысқа енгізу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) .

68. Қажет болған жағдайда ұйымның сарапшы комиссиясы құжаттардың жекелеген санаттарын сақтау мерзімінің өзгергені туралы ұсынысты белгіленген тәртіппен енгізуге құқылы .

Тізбеде көзделген құжаттардың жекелеген санаттарын сақтау мерзімі архив ісін жүргізу мен басқарудың тиісті органының шешіміне сәйкес өзгереді.

69. Тізбе зат-сұрақ принципі бойынша жасалады және ұйым қызметінің, актуарий және сақтандыру агенті негізгі мәселелеріне сәйкес келетін б ө л і м д е р д е н т ұ р а д ы .

Ескерту: 69-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 27 мамырдағы N 113 қаулысымен (қолданысқа енгізу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) .

70. Іс қағаздары мен құжаттарды сақтау мерзімі іс қағаздарын жүргізу аяқталған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап есептеледі.

71. Тізбеге енгізілген "қажетіне қарай" деген мерзім, негізінен ұйымдастыру-нұсқау құжаттамаларға қатысты және құжаттаманың іс жүзіндегі шектеулі мәнін білдіреді.

6-тарау. Ұйымның қызметі тоқтатылған кезде құжаттарды сақтау

72. Ұйымды ерікті тарату (қайта ұйымдастыру) кезінде оның құжаттарын одан әрі сақтау орны туралы шешімді тарату комиссиясы (басқа уәкілетті орган) архив ісін жүргізу мен басқарудың тиісті органының келісімі бойынша қабылдайды.

73. Қызметі ерікті немесе еріксіз тәртіппен тоқтатылатын ұйымның тарату комиссиясы (конкурсты басқарушы) құжаттардың дұрыс есебін жүргізу және сақтау, оның ішінде тарату комиссиясының (конкурсты басқарушының) қызметіне байланысты мәселелер бойынша заңды тұлғаларға қойылатын барлық талаптарды қамтамасыз етуге міндетті.

Ұйымның тарату комиссиясы (конкурсты басқарушы) таратылатын ұйымның іс қағаздарын және құжаттарын заңнамаларда белгіленген тәртіппен қабылдағаннан кейін ұйымның құжаттарын сақтауға жауапты адамды белгілеуі тиіс.

74. Ұйымның тарату комиссиясының құрамы өзгерген жағдайда сақтауға тиісті іс қағаздары мен құжаттарын тарату комиссиясының жаңа құрамына (оның жекелеген мүшелеріне) осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес қабылдап-өткізу жүргізіледі.

75. Тарату комиссиясы (конкурсты басқарушы) өзінің қызметі кезеңінде таратылатын ұйымның сарапшы комиссиясына бұрын жүктелген міндеттер мен қызметті жүзеге асырады.

76. Құқықтық мұрагерлері жоқ ұйымдарды тарату кезінде оларды тіркеуден өткізген органдар Қазақстан Республикасының тарихы және мәдениеті, азаматтарды әлеуметтік-құқықтық қорғау үшін мәні бар құжаттарды сақтау жөнінде шаралар қабылдауға және архив ісін жүргізу мен басқарудың тиісті органымен бірлесіп олардың одан әрі сақталу тәртібін белгілеуге міндетті.

77. Еріксіз таратылатын ұйымның тұрақты түрде сақталуға тиісті құжаттары сот қаулысының негізінде тиісті түрде ресімделіп, архив ісін жүргізу мен басқарудың тиісті органына сақтауға берілуі тиіс.

Таратылатын ұйымның құжаттарын архивке сақтауға берудің алдында іс қағаздарының түгел болуын және олардың жай-күйін, сондай-ақ құжаттардың өңделу сапасын тексереді. Құжаттар тізімдеме бойынша беріледі және тиісті а к т і м е н р е с і м д е л е д і .

Егер таратылатын ұйымның құжаттарының жай-күйі және өңделу сапасы қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін болса, онда ұйымның тарату комиссиясы олардың реттелуін қамтамасыз етуге міндетті.

78. Таратылатын ұйымның құжаттарын сақтауды ұйымдастыру бойынша шығыстар, оның ішінде сот шешімі бойынша ұйымның қаражаты есебінен ж ұ м с а л а д ы .

Еріксіз таратылатын ұйымның іс қағаздарын және құжаттарын архивте сақтауға беру үшін қаражаты болмаған жағдайда оларды тұрақты сақтайтын орынды сот белгілейді.

79. Ұйымның іс қағаздарын және құжаттарын архив ісін жүргізу мен басқарудың тиісті органына уақытша және/немесе тұрақты сақтауға өткізу туралы мәліметтер тарату комиссиясының есебінде көрсетіледі.

7-тарау. Қорытынды ережелер

80. Құжаттарды есепке алудың және сақтаудың заңнамада белгіленген тәртібін бұзғаны үшін жауапкершілік заңнама актілерінде айқындалады.

81. Осы Нұсқаулықта реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасы заңнамаларының нормаларына сәйкес шешілуі тиіс.

Төраға

Сақтандыру қатысушылары қызметті сақтандыру құжаттарды басқару жөніндегі

рыногының мен асыратын агенттерінің жасау, және нұсқаулыққа

кәсіби кәсіпкерлік құжаттаманы құжаттарды сақтау

1-Қосымша

Ескерту: 1-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005.09.30. N 356 , 2006.05.27. N 113 (қолданысқа енгізу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2007.06.25. N 191 (қолданысқа енгізу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулыларымен.

**САҚТАНДЫРУ ЖӘНЕ ҚАЙТА САҚТАНДЫРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ
ҚЫЗМЕТІНДЕ ЖАСАЛАТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ
(САҚТАУ МЕРЗІМІ КӨРСЕТІЛГЕН)**

--

Бап N	Құжаттардың түрі	Құжаттарды сақтау мерзімі	Ескерту
			Сақтандыру Ұйымның және қайта филиал. сақтандыру дарында ұйымының және (бұдан әрі өкілдік. - ұйым) терінде атқарушы органында

1. БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

1.1. Басқару қызметі

1. ҚР-ның Заңдары және басқа заңнама актілері, ҚР Президентінің Жарлықтары және басқа актілері, ҚР Үкіметінің қаулылары (Премьер-Министрдің ө к і м д е р і)
 - а) ұйымдардың қызметіне қатысты Тұрақты ҚБД
 - б) басшылыққа және мәлімет үшін ҚБД ҚБДж і б е р і л г е н д е р і
2. ҚР Президенті Әкімшілігінің, ҚР Премьер-министрі Кеңсесінің, орталық атқарушы органдарының тапсырмалары, олардың орындауы жөніндегі құжаттар Тұрақты
3. Орталық атқарушы органдардың бұйрықтары, н ұ с қ а у л а р ы :
 - а) ұйымдардың қызметіне қатысты Тұрақты ҚБД
 - б) басшылыққа және мәлімет үшін ҚБД ҚБДж і б е р і л г е н д е р і
4. Ұйымдардың қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілері мен әдістемелік ұ с ы н ы м д а р ы :
 - а) ұйымдардың қызметіне қатысты Тұрақты ЖАД
 - б) басшылыққа және мәлімет үшін ҚБД ЖАДж і б е р і л г е н д е р і
5. Жергілікті мемлекеттік басқару органдарының нормативтік құқықтық а к т і л е р і
 - а) ұйымның қызметіне қатысты Тұрақты ҚБД
 - б) басшылыққа және мәлімет үшін ҚБД ҚБДж і б е р і л г е н д е р і
6. Нормативтік құқықтық актілердің ж о б а л а р ы ;

- оларды әзірлеу жөніндегі құжаттар.
Нормативтік құқықтық актілердің
жобаларына жасалған қорытындылар:
- а) жасаған жері бойынша Тұрақты -
б) басқа ұйымдарда ҚБД ҚБД
7. Ұйымның жоғарғы органының басқару Тұрақты ҚБД
қ ұ ж а т т а р ы
8. Ұйымның жоғарғы органының, оның алқалық Тұрақты ҚБД
органдары жиналыстарының (мәжілісте.
рінің) хаттамалары және олар бойынша
қ ұ ж а т т а р
9. Ұйымның бұйрықтары мен өкімдері: ҚБД
а) негізгі қызметі бойынша Тұрақты ҚБД
б) жұмысшылар мен қызметкерлерді 75 жыл
қабылдау, ауыстыру, ынталандыру,
сыйлықақы беру, жұмыстан босату,
ұзақ іссапарлары туралы (көрсетілген
мәселелер бойынша бұйрықтар,
өкімдер шығарылады)
- в) қызметкерлердің еңбек демалысын 5 жыл 5 жыл
беру, жаза белгілеу, іссапарлары туралы
г) әкімшілік-шаруашылық мәселелері 5 жыл 5 жыл
б о й ы н ш а
10. Ұйымдардың атқарушы органының басшылы. Тұрақты Тұрақты
ғындағы өндірістік жиналыстардың
хаттамасы мен стенограммалары
11. Ұйым жасаған ереже, тәртіп, нұсқаулық. Тұрақты Жаңасына
тар, әдістемелік нұсқаулар, ұсынымдар ауыстыр.
ғ а н ғ а
д е й і н
12. Ішкі құжаттардың жобалары, оларды 3 жыл1 3 жыл1 1Бе- әзірлеу
жөніндегі құжаттар (қорытынды. кіт.
лар, ұсыныстар, анықтамалар, баяндау іл.
ж а з б а л а р ы) г е н .
н е н
к е .
й і н
13. Ережелерді, нұсқаулықтарды, нұсқаманың 3 жыл 3 жыл
және әдістемелік нұсқауларды, ұсынымдарды

әзірлеу, қолдану және түсіндіру туралы
жазысқан хаттар

1.2. Бақылау

14. Уәкілетті мемлекеттік органдар, сыртқы және ішкі аудит жүргізетін ұйымдардың қызметіне ревизия жасау және тексеру құжаттары (баяндамалар, баяндау жазбалары, анықтамалар, актілер, қорытындылар, есептер, қарсылықтар):
- а) тексеру орны және тексеруші ұйым Тұрақты 5 жыл
б о й ы н ш а
- б) басқа ұйымдарда 5 жыл -
15. Жүргізілген ревизияларды, олардың 5 жыл 5 жыл
шешімдерінің орындалуына тексерулерді және бақылауларды есепке алу журналдары
16. Тексеру, ревизия нәтижелері бойынша 5 жыл 5 жыл
ұсыныстардың орындалуы туралы құжаттар СТК
(баяндау жазбалары, есептер, анықтамалар, жазысқан хаттар)
17. Азаматтардың өтініштері:
- а) ұйымның, оның филиалдары мен Тұрақты Тұрақты
өкілдіктерінің қызметін жақсарту, кемшіліктерін жою жөнінде, сыбайлас жемқорлық фактілері туралы ұсыныстары
б а р
- б) қосалқы және жеке сипаттағы 5 жыл 5 жыл
18. Азаматтардың өтініштерін тіркеу журналы 5 жыл 5 жыл
19. Азаматтардың өтініштерін тексеру туралы 5 жыл -
х а т т а р С Т К
-

1.3. Басқаруды ұйымдастыру негіздері

20. Ұйымның оның филиалдары мен өкілдікте. Тұрақты ҚБД
рінің құрылтай және тіркеу құжаттары (құрылтай шарттары, жарғылар, ережелер, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктері, есепке алу тіркеу

- (қайта тіркеу) туралы куәліктері)
21. Қызметті жүзеге асыру құқығына лицензиялар Қайтарыл. -
ғанға дейін
22. Ұйымның, оның филиалдары мен өкілдіктерінің атқарушы органының құрылымдық бөлімшелері туралы ережелер Тұрақты Тұрақты
23. Ережелердің, жарғылардың жобалары; оларды әзірлеу жөніндегі құжаттар (анықтамалар, баяндау жазбалары, ұсыныстар) 3 жыл - 1Бе. кі. тіл. ген. н е н к е .
- йін
24. Ұйымның, оның филиалдары мен өкілдіктерінің атқарушы органының штаттық кестесі және оларға өзгерістер Тұрақты ҚБД
25. Мына жағдайда:
- а) ұйымның, оның филиалдары мен өкілдіктерінің атқарушы органының басшылары Тұрақты -
- б) жауапты орындаушылармен хатшылар ауысқан кезде жасалған қабылдау-тапсыру актілері 5 жыл 5 жыл
26. Ұйым қызметін бұқаралық ақпарат құралдарында көрсету жөніндегі құжаттар (бағдарламалар, сөйлеген сөздердің мәтіндері, мақалалар, сұқбат, баспасөз конференцияларының стенограммалары, баспасөз релиздері, жарнама және басқа ақпарат) Тұрақты1 - 1аудиови. зуальды құжаттама мемлекет. тік сақ. тауға 3 жылдан кейін беріледі
27. Ұйымның оның филиалдары мен өкілдіктерінің атқарушы органы қызметкерлерінің қызметтік нұсқаулықтары, қызметтік міндеттерін бөлу 5 жыл1 5 жыл1 Жаңасына ауыстыр. ғаннан кейін
28. Ұйымның құпия мәліметтері болатын мәліметтердің Тұрақты - тізбесі

- | | | | |
|-----|--|-------------|---|
| 29. | Құқықтық мәселелер бойынша жазысқан | 5 жыл | СТК |
| | | х а т т а р | |
| 30. | Заң және шиеленіскен істер бойынша құқықтық қорытындылар | 5 жыл | - 1Түпкілік. ті шешім шығарыл. ғаннан кейін |
| 31. | Сот істері (шағым беру өтініштері, сенімхаттар, шағым-талаптар, шешімдерінің көшірме. лері және басқа материалдар) және осы істерді жүргізу туралы жазысқан хаттар | 5 жыл | - 1Түпкілік. анықтамалар, сот шығарыл. ғаннан кейін |

1.5. Басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету және құжаттарды ведомстволық (жеке) сақтау _____

- | | | | | |
|-----|---|----------|----------|---|
| 32. | Іс номенклатурасы: | 1 | Келісіл. | а) ұйым |
| | | Тұрақты1 | Тұрақты1 | меген |
| | б) ұйымның (филиалдардың және өкілдік. тердің) атқарушы органының құрылымдық бөлiмшелерi | 5 жыл | 5 жыл | ҚБД |
| 33. | Тіркеу карточкалары (журналдары): | 1 | Ұйымның | |
| | а) бұйрықтарды, нұсқауларды, өкімдерді, ережелерді, нұсқаулықтарды, тәртіптерді, жарғыларды | Тұрақты1 | ҚБД | атқарушы органында сақтала. ды. |
| | б) келіп түсетін және жіберілетін құжаттарды, оның ішінде электрондық почтамен | 3 жыл | 3 жыл | Егер құжаттар. ғағылы. ми - анық. тамалық ақпарат ретінде пайдала. нылатын болса, мемлекет. тік архивке |

- б е р і л е д і
34. Қатаң есептегі бланкілерді есепке алу 3 жыл 3 жыл
журналдары (кітаптары), ведомостері
35. Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйым. Тұрақты Жаңасына
дарының қызметінде жасалатын құжаттардың ауыстыр.
тізбесі (сақтау мерзімі көрсетіледі) ғанға
д е й і н
36. Істер тізімдемелері: 1Істер
- а) тұрақты сақтау мерзімімен Тұрақты - жойыл.
- б) жеке құрам бойынша 3 жыл1 - ғаннан
- в) ұзақ уақыт сақтау мерзімімен 3 жыл1 3 жыл1 кейін
37. Құжаттарды жоюға бөлу туралы актілер Тұрақты1 Тұрақты1 1Мемлекет.
т і к а р .
х и в к е
б е р і л .
м е й д і
38. Құжаттар мен істерді мемлекеттік сақтауға қабылдау-өткізу Тұрақты Тұрақты
актілері
39. Сараптау-тексеру комиссиялары мәжілісте. Тұрақты 10 жыл
рінің хаттамалары және олар бойынша
қ ұ ж а т т а р
40. Іс қағаздарын және архив ісін жүргізудің 3 жыл 3 жыл
әдістемелік және ұйымдастыру мәселелері
б о й ы н ш а ж а з ы с қ а н х а т т а р
41. Ұйымның ведомстволық (жеке) архивінен 1 жыл1 1 жыл1 1Құжаттар
құжаттарды беруге талаптар, өтінімдер ведомст.
(тапсырыстар) в о л ы қ
(ж ә н е)
а р х и в к е
қ а й т а р ы л .
ғ а н н а н
к е й і н
42. Заңды және жеке тұлғалардың архивтік 3 жыл 3 жыл
анықтамаларды, көшірмелерді, құжаттардың
көшірмелерін беру туралы өтініштері,
сұратулары, оларды беру жөнінде жазысқан
х а т т а р
43. Ұйымның ведомстволық (жеке) архивінен 3 жыл1 3 жыл1 1Құжаттар
құжаттарды уақытша пайдалануға беру ведомст.

актілері

волық
(жеке)
архивке
қайтарыл.
ғаннан
кейін

44. Ұйымның ведомстволық (жеке) архивінен Тұрақты1 Тұрақты1 1Мемлекет.

құжаттардың түсуін және шығуын есепке
алу журналдары

тік сақ.
тауға
беріл.
мейді

45. Ұйымның ведомстволық (жеке) архиві туралы ереже Тұрақты 5 жыл1 Жаңасына ауыстыр.

ғаннан
кейін

46. Ұйымның ведомстволық (жеке) архивінің паспорты Тұрақты1 Тұрақты1 1Мемлекет.

тік сақ.
тауға
берілмей.
ді

47. Ұйымның, оның филиалдары мен өкілдікте. Тұрақты1 Тұрақты1 1Мемлекет

рінің бақылау істері (тарихи анықтама.
лар, қолда бар екендігін тексеру актілері)

тік сақ.
тауға
беріл.
мейді

2. БОЛЖАУ, ЖОСПАРЛАУ

48. Жұмыстардың жылдық жоспарлары:

а) ұйымның жоғары, атқарушы және басқа Тұрақты ҚБД
да алқалық органдары

б) ұйымның, оның филиалдары мен өкілдік. 5 жыл 5 жыл
терінің атқару органының құрылымдық

бөлімшелері

49. Ұйымның, ұйымның атқарушы органының, оның

филиалдары мен өкілдіктерінің жоғары,
алқалық (оның ішінде атқарушы) орган.
дарының құрылымдық бөлімшелерінің жедел
жұмыс жоспарлары:

- | | | |
|-----------------|-------|-------|
| а) жарты жылдық | 5 жыл | 5 жыл |
| б) тоқсандық | 5 жыл | 5 жыл |
| в) айлық | 6 ай | 6 ай |
50. Бизнес-жоспарлар және олардың
экономикалық негіздемелері Тұрақты Тұрақты
51. Болжау және жоспарлау мәселелері бойынша 5 жыл 5 жыл
жазысқан хаттар СТК

3. ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

52. Ұйымның, оның филиалдары мен өкілдіктерінің атқарушы органының бюджет, арнайы және басқа қаражаттары бойынша сметалары:
- | | | | |
|--------------|----------|--------|----------|
| а) жылдық | Тұрақты1 | 10 жыл | басқа |
| б) тоқсандық | 5 жыл2 | 5 жыл3 | ұйымдар. |
- да - Қ Б Д .
2 Ж ы л д ы ғ ы
ж о қ б о л .
ғ а н
к е з д е -
т ұ р а қ т ы .
3 Ж ы л д ы ғ ы
ж о қ б о л .
ғ а н к е з д е
- 1 0 ж ы л
53. Қаржыландыру мәселелері бойынша 5 жыл 5 жыл
жазысқан хаттар СТК
54. Ұйымның, оның филиалдары мен өкілдіктерінің шығындар сметасының орындалуына талдау Тұрақты 10 жыл

4. ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ ЕСЕП БЕРУ

4.1. Жедел және статистикалық есепке алу және есеп беру

55.	Оның филиалдары мен өкілдіктерінің қызметі бойынша статистикалық есептер мен кестелер				1Жылдығы жоқ бол. ған кез.
	а) жиынтық жылдық және кезеңділігі басым	Тұрақты	-	де -	тұрақты
	б) жылдық және кезеңділігі басым	Тұрақты	10 жыл	2Жылдығы,	
